



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

Сравнительный мониторинг качества знаний учащихся в разрезе школ убедительно показал только положительную динамику при условии изучения факультатива «Функциональный анализ текста».

Данная учебная программа – один из компонентов системы инновационного образовательного пространства и является органичной частью одного большого целого – углубления знаний, расширения представлений учащегося о предметной области, подготовке обучающегося к сдаче итоговых экзаменов, успешной социализации, то есть одним из важных шагов soft skills, а значит и к общей успешности в жизни.

Список литературы:

1. <https://trends.rbc.ru/trends/education/5e90743f9a7947ca3bbb6523>
2. Богданова О.Ю., Леонова С.А., Чертова В.Ф. Методика преподавания литературы. Учебник для студентов вузов, обучающихся по педагогическим специальностям. - М.: Академ А, 1999.
3. Митина О.В., Евдокименко А.С. Методы анализа текста: методологические основания и программная реализация// Вестник ЮУрГУ.- 2010.- № 40,
4. Романичева Е.С., Сосновская И.В. Введение в методику обучения литературе: учеб. пособие.- М.: Флинта, 2012.
5. Фирсова Т.Г. Современный урок литературного чтения: методический конструктор: учеб.-метод. пособие для студентов, обучающихся по направлениям 44.03.01 и 44.04.01.– М.: Перо, 2018. – 211 с.

ӘОЖ 371

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ

Ерекин Айдын Муратович,

педагог-ұйымдастырушы-куратор

Қостанай қаласындағы

п физика-математикалық бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі

Хамзина Кулшат Бакытжановна,

педагогикалық ғылымдар магистрі

педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Хамзин Нуржан Алимжанович,

педагог-ұйымдастырушы-куратор

Қостанай қаласындағы

физика-математикалық бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада инновациялық технологиялар арқылы мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын жетілдіру жолдары қарастырылған. Мұғалімнің кәсіби дамуын, оның құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін арттырудың маңыздылығы ашылады.

Түйінді сөздер: білім беру, тәрбие, инновация, кәсіби даму, құзыреттілік, педагогикалық шеберлік.

Аннотация

В статье рассмотрены пути совершенствования профессиональной направленности учителей через инновационные технологии. Раскрывается важность повышения профессионального развития учителя, его компетентности, педагогического мастерства.

Ключевые слова: образование, воспитание, инновация, профессиональное развитие, компетентность, педагогическое мастерство.

Abstract

The article discusses ways to improve the professional orientation of teachers through innovative technologies. The importance of improving the professional development of a teacher, his competence, pedagogical skills is revealed.

Keywords: education, upbringing, innovation, professional development, competence, pedagogical skills.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген [1]. Осындай міндеттерді шешуде, әрбір білім беру мекемесі, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындап отырады.

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай әр педагогтың қазіргі таңдағы қоғамның сұранысына және өзінің қажеттілігіне, қызығушылығына, мүмкіншілігіне сәйкес білім мен тәрбие алуын қажет етеді. Болашақ мұғалімдерді әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлауға, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, демократиялық және жаңа әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүрудің жаңа ережелерін үйренуге, ұлттық сана-сезімді дамытуға үйрету қажет. Мұғалім балаларға қоғамдық тарихи тәжірибенің таңдаулысын меңгертуге, білім ғана емес, ғылыми дүниетаным, ұлттық мұрат, азаматтық позицияны қалыптастырып, рухани-адамгершілік тәрбиесін беруі және шығармашылықпен ойлауына мүмкіндік туғызып, қиын жағдаяттардан шығу іскерлігін қалыптастыруы қажет. Қазіргі таңдағы педагогика ғылымында болашақ мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық дайындығы мәселесін А.Абдуллина, В.Ц.Абрамян, Е.П.Белозерцев, В.К.Боярчук, Н.Н.Демьяненко, Н.А.Кузьмина, К.К.Құнантаева, В.Я.Ляудис, В.Н.Никитина, А.И.Пискунов, В.А.Сластенин, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель және т.б. ғалымдар зерттеген. Білім берудегі дағдарыс білім берудің нәтижелілігінің жеткіліксіздігінен, жас ұрпақтың интеллектуалдық, тұлғалық, руханиадамгершілік дамуындағы кемшіліктерінен, білім беру жүйесінің тұлға менталитетін қалыптастыруға толық дәрежеде мән берілмеуінен туындап отыр. Білім беру тұлға қалыптасуымен тікелей байланысты болғандықтан, кемелденген тұлғаның дамуындағы негативті үрдістерді жеңуге ықпалының мол екендігін айта кетуіміз қажет. Білім беру саласындағы басты тұлға әлеуметтік кемелденген, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, инновациялық технологияларды пайдалануды меңгерген, құзырлы маман болып табылады. Мұғалім білім берудің өзіндік құндылығын түсінуі, «мәдениеттегі адам» болуы, өз пәнін, педагогика мен психологияны жақсы білуі, тұлғалық-бағдарлық әдістерді, инновациялық әдістерді, әлеуметтік-педагогикалық технологияларды қолдануы, өз тұлғасын дамытуы қажет. Мұғалімнің өз пәнін жетік меңгеруі, сонымен қатар педагогикалық үдерістегі оқушылар әрекетін ұйымдастыру іскерлігінің болуы, нәтижесін көре білуі, мүмкін ауытқуларды түзету қасиетінің болуы қажет.

Кәсіби іс-әрекетінің нысанасы біртұтас педагогикалық үдеріс, сондықтан жаңа тұрпатты мұғалім «адам-адам» («педагог - оқушы») жүйесінде әрекет ете білуі және педагогикалық үдерістегі ізгілікті қатынастың ролін түсінуі керек. Жоғары білім берудің проблемаларын талдау негізінде болашақ мұғалімдердің технологиялық және тұлғаның жаңа технологияларды пайдалануға деген тұлғалық дайындығы мәселелерінің жеткілікті түрде қарастырылмағандығын айқындадық. Кәсіби тәрбие беруде Т.И.Власовтың тәрбиенің рухани бағдарланған парадигмасына сүйене аламыз, өйткені студенттік кезеңде экзистенциалдық үдерістердің дамуы басымдау болып табылады. Дәстүрлі түрде кәсіби құзырлылық маман біліктілігін сипаттайтын тұлғаның бүтіндей құрылымындағы теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі ретінде қарастырылады. Кәсіби құзырлылықтың мазмұны кәсіби біліктілік сипаттамасымен айқындалады және құзырлылықтың нормативтік нобайын нақтылап, кәсіби білім, іскерлік дағдылардың ғылыми негізделген құралын бейнелейді. ЖОО-ның маңызды міндеттерінің бірі – студенттерге белгілі бір кәсіби іс-әрекетке қажетті білімді игерту. ЖОО-ның түлегі игеретін шешуші құзырлылықтарды айқындау көкейтесті болып табылады. Бұл құзырлылықтар интеллектуалдық дамуды (абстрактылы ойлау, өзіндік рефлексия, өзінің позициясын айқындау, өзіндік бағалау, сыни ойлауды) талап етеді.

Осы құзырлылықтарды шешу үшін болашақ мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын қарастырамыз. М.Ж. Жадринна құзырет ұғымын мақсатқа жету үшін өмірлік тәжірибеге игерілген білім, іскерлік және дағдыларды жинақтау қабілетін, дайындығын сипаттайтын тұлға қасиеттері деп айқындайды [2, 25б]. Көптеген авторлар «Кәсіби құзыреттілік» ұғымын «кәсіби іс-әрекетке дайындық» (В.А.Сластенин, Н.Н.Лобанова, А.И.Панарин т.б.) [3, 36б] және «педагогикалық біліктілік» ұғымдарымен байланыста айқындауда. Біліктілік жүйесіндегі құзыреттіліктің орны мамандықты игерудің жоғары деңгейін бейнелейтін орындаушылық пен жетілудің арасында, белгілі іс-әрекетке деген тұлғалық «ішкі бағдары» мен шеберлігі арасында ерекшеленуге болады.

Ксения Александровна Абульханова-Славская өз еңбегінде «Оқыту үдерісіндегі тұлға белсенділігін зерттеулеріне сүйеніп, мұғалім санасы құрылымында оқушы тұлғасы туралы түсініктің болмауы оқушы белсенділігін шектейді және нәтижесінде екі жақты психологиялық кедергі қалыптасады, бұл қиындық оқушыны демонстративті немесе қорғану мінез-құлқына итермелейді», - деп жазады [4, 56б]. К.А.Абульханова-Славская мұғалім санасының 3 құрамдас бөлігінің ішінде өзіне қатынас, өзгеге қатынас, ал үшіншісі өзгелердің өзіне қатынасын күтуі жеткіліксіз болып табылады деп есептейді, сол себепті мұғалімдердің көпшілігінің сана құрылымында үшінші компоненттің жеткіліксіздігі (өзгелердің өзіне қатынасын күтуі) тұлғааралық шиеленістің туындауына алып келетіндігін баса айтады. Л.М.Митина мұғалім оқушының өзіне деген қатынасын қабылдай алмаса, онда ол оқушыны білім беру үдерісінің

субъектісі ретінде іштей қабылдамайтынын және тек өз мақсатына ғана бағдар алатынын білдіреді. Мұғалімнің өзгенің қатынасын ұғынуы үшін тұлғалық қасиеттері қалыптасқан және әлеуметтік-педагогикалық технологияларды пайдалана білуі қажет, осы ерекшеліктерді қалыптастырудың нәтижесіне тоқталамыз.

Осы орайда, Назарбаев Зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымы жас ұрпақтың бойында тарихи сананы қалыптастыру және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында танымал классик ақын-жазушылардың еңбектеріне арналған «Ұлы дала ақындары» жобасын 2019-2020 оқу жылында Зияткерлік мектептерде жүзеге асыру ұсынылған.

Жоба аясында Қостанай қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Шәкәрім Құдайбердиевті насихаттайды. Аталған жобаны жүзеге асыру 7 бағыттан тұрады:

- I бағыт. Ақынның поэзияларын мәнерлеп жатқа оқу.
- II бағыт. Театрландырылған қойылым. (Барлық Шаңырақ оқушыларының қатысуымен ақынның өмірі мен шығармашылығынан қойылым.
- III бағыт. Шығармашылық кезең (оқушылар 150-180 сөз көлемінде эссе жазады.
- IV бағыт. Танымал ақынның шығармасын иллюстрациялау.
- V бағыт. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді шырқау.
- VI бағыт. «Ұлы дала ақындары» жыр эстафетасына челлендж өткізу.
- VII бағыт. Ақын өлеңдеріне әдеби талдау жасау.

2020 жылдың 13-23 қараша аралығында «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында «Тұңғыш Президент күніне» арналған Қ.Аманжоловтың өлеңдерін жатқа оқудан челлендж-эстафета ұйымдастырылды. Барлық шаңырақ оқушылары қызығушылықпен қатысты. Олардың жатқа оқыған өлеңдері мектептің әлеуметтік желілер парақшаларында жарияланды.

6 мамыр күні «Ұлы дала ақындары» жобасының «Замандастар жырлайды» айдарында жергілікті ақын Жандос Жүсіпбекпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында ақынның өмір жолы, шығармашылығы, отбасы құндылықтары, Қ.Аманжоловтың шығармашылығы жайлы әңгіме қозғалды. Кездесу соңында жас ақын Ж.Жүсіпбек өз шығармаларын оқып берді.


2021 жылдың 19 мамырында Наурыз мейрамын мерекелеу және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған онлайн поэзия кеші өтті. Кеште Қ.Аманжоловтың шығармашылығынан өлеңдер оқылды. Ақын өмірінен естелік бейнежазбалар көрсетілді. Қ.Аманжоловтың өлеңдері орындалды.

2021 жылдың 5 қараша күні «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында «Туған елге тағзым» экспедициясына қатысушыларға арналған Ш.Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығына арналған танымдық сағаты өткізілді. Барлық оқушылар қызығушылықпен қатысты. Оқушылар сабақ барысында ақын туралы видеороликтер тамашалады, постерлер қорғады.

2021 жылдың 14 желтоқсаны күні «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Ш.Құдайбердиевтің өлеңдерін жатқа оқу сайысы өтті. Сайысқа әр сыныптан жиырмаға тарта оқушы қатысты. Қатысушылар сайыс шарты бойынша ақынның бір шығармасын жатқа, мәнерлеп оқып беру. Сайыстың қорытындысы бойынша 12-сынып оқушысы «Актерлік шеберлік» номинациясын, 9-сынып оқушысы «Көрермен көзайымы номинациясын иеленді. 3-орынды екі оқушы иеленді; 2-орын екі оқушыға берілді Жүлделі 1-орынды 12 сынып оқушысы иеленді.

Сол сияқты, Уикипедия клубының жұмысыда жаңалықтарға толы деп айтуға болады. 4 желтоқсанда Тұңғыш Президент күні мен Тәуелсіздік күніне арналған Уикипедия клубының ашық сабағы өткізілді. Жиналысқа 18 адам, соның ішінде клуб мүшелері, мұғалімдер мен кураторлар қатысты. Уикипедия клубының координатор орынбасшылары сабақ барысында күнтізбеде ерекше белгіленетін, еліміз үшін орны елеусіз қалмас 1-ші желтоқсан - жеріміздің тұтастығын сақтап, ел іргесін сөкпей, татулық пен бірлікті, достық пен сыйластықты ту етіп, тәуелсіздігі тұғырлы Қазақстан мемлекетін құрған Тұңғыш Президент күні мен 16-шы желтоқсанда аталып өтілетін, ащы термен келген тәтті жеңіс - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекелері жайлы жалпы ақпаратпен таныстырып, оқушылардың тақырып аясындағы білімдерін тексеру мақсатында сұрақтар қойылды.

Сонымен қатар, Уикипедия сайтында жазылған «Елбасы» мен «Тәуелсіздік күні» тақырыбындағы мақалалардың безендірілуін талқылап, жаңа өңдемелер енгізді. Оқушыларға мақаланың қалай жазылатыны және қалай өңделетіні жайлы айтылып, берілген мысалдағы мақалаларды қолдана отыра, жалпы мақала жазу ережелері қайталанды. Клуб мүшелері жаңадан келген қатысушыларға өз тәжірибелерімен, алған білімдерімен бөлісті. Оқушылар өзінің қызықтыратын сұрақтарын қойып, мақала жазу тәртібімен тағы бір мәрте танысты.



Әр жұма сайын уикипедия клубының үйрету сабақтары өтеді. Бұл сабақтарда тәжірибесі мол клуб мүшелері жаңадан қосылған қатысушыларға мақала жазу, оны өңдеу және жүктеу тәртібі үйретіледі. Мұндай тәжірибе алмасу сабақтары оң нәтиже береді деп толық айта аламыз.

Ұлы Жеңістің 76 жылдығы және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ашық Уикипедия сабағы өткізілді. Сабақ барысында клуб координаторы және тәлімгері география пәні мұғалімі М.Мурзаханов соғыс тақырыбында қалай мақалалар жазуға және жүктеуге болатынын үйретті. Сабақ оқушыларға ұнады.

Оқу жылы соңында Уикипедия клубының 2020-2021 оқу жылы бойынша қорытынды конференциясы өткізілді. Конференцияда жыл бойы жүргізілген жұмыстардың қорытындысы жасалды. Шаңырақтар бойынша рейтинг жасалды және үздіктер мақтау қағаздарымен марапатталды.

Ал, тәрбие жұмыстары келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды.

- Патриоттық тәрбие
- Көшбасшылық қасиеттерін дамыту
- Рухани – адамгершілік
- Көркем-эстетикалық
- Зияткерлік
- Физикалық және психологиялық
- Полимәдениетті

7-12-сыныптардың «Кураторлық сағаттар» жұмыс бағдарламалары жалпы мектептің тәрбиелік жұмысының жоспарына негізделе отырып келесі негізгі құжаттар талаптарына сай құрылды:

- ҚР Атазаңы;
- БҰҰ баларды қорғау заңы;
- Білім беру туралы заң;
- Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ 2020 жыл даму стратегиясы;
- Педагог-ұйымдастырушы-куратордың қызметтік міндеттері және т.б.

Тәрбие жоспарларын құру негізінде ұжымның жас ерекшеліктері, психологиялық ерекшеліктері ескерілді. Барлық кураторлық сағаттар мен шаңырақ сағаттары жоспар бойынша өткізіліп отырды. «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» М.Жұмабаев», «Ұлы дала елінің-Ұлы ақындары» «Жаһандану үрдісіндегі медиамәдениет», «Мамандықты дұрыс таңдау-жарқын болашақ кепілі», «Ел тірегі - Елбасы», «Тәуелсіздік жетістіктері» және т.б. тақырыптарында кураторлық сағаттар өткізілді.

7-12-сыныптармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты оқушылар арасында өзара ауызбіршілікті қалыптастыру, сыныпты өзін-өзі дамытуға баулу болды.

Сонымен бірге, тәрбиелік іс-шаралармен қатар оқу үлгірінің сапасы мониортингісіне тоқталатын болсақ, өз тарапымыздан күнделікті оқушылардың оқу мақсаттарын игеру динамикасын бақылап отырдық. Арнайы маршрут қағаздары жүргізілді. Мұғалімдермен оқушыларға қатысты жеке кездесулер, оқушылармен жеке әңгімелесулер өткізілді.

Куратор ретіндегі негізгі міндет пән мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынаста болу. Яғни, оқушылардың оқу үлгірін үнемі бақылауда ұстау. Жағдаятқа қарай оқушылармен жеке әңгімелесулер жүргізу, қажет болған жағдайда ата-аналарына хабарлап отыру. Мектептің психологтарымен де үнемі тығыз қарым-қатынаста болу. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай түрлі сауалнамалар алу, ұжымның біртұтастығын арттыруға арналған түрлі жаттығулар жүргізу.

Қорытындылай келе, болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиетінің қалыптасуын модельдеу тұлғалық бағдарлық қатынасына сәйкес айқындалады. Әлеуметтік-педагогика, әлеуметтік психология пәндері бойынша тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық технологиясын қолдану арқылы өзіне, өзгеге, әлемге жағымды қатынасты қалыптастыру мәселесі айқындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.- Астана, 2004.- 132 б.
2. Жадрина М.Ж. Проблема научных основ структурирование содержания образования // Вестник высшей школы Казахстана. 1998. № 6, с. 75-77.

3. Слостенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процесс профессиональной подготовки. - М.: Просвещение, 1976. - 160 с.
4. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни, - М., 1991.

УДК 377

ТЕХНОЛОГИЯ ДИАЛОГОВОГО ОБУЧЕНИЯ: ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Ержанова Гульмира Амиржановна,
педагог-эксперт, преподаватель биологии
Костанайский индустриально-педагогический колледж,
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Мақаланың өзектілігі колледждің оқу үдерісіне диалогтік оқыту технологиясының енгізілуіне байланысты. Басты мақсат – биология сабақтарын ұйымдастыру және өткізу аясында осы білім ресурсын кеңінен насихаттау. Өткізілген сабақтарды талдау негізінде технологияның мазмұндық-құрылымдық сипаттамасы беріліп, авторлық тұжырымдар мен тұжырымдар жасалады.

Түйінді сөздер: білім беру технологиясы, интерактивті оқыту, диалог, колледж студенттері, биология сабақтары.

Аннотация

Актуальность статьи обусловлена внедрением технологии диалогового обучения в образовательный процесс колледжа. Основной целью является повсеместная популяризация данного образовательного ресурса в рамках организации и проведения уроков биологии. На основании анализа проведенных занятий, приводятся содержательно-структурные характеристики технологии, сделаны авторские выводы и заключения.

Ключевые слова: образовательная технология, диалоговое обучение, диалог, студенты колледжа, занятия по биологии.

Abstract

The relevance of the article is due to the introduction of dialogue learning technology in the educational process of the college. The main goal is the widespread popularization of this educational resource, within the framework of organizing and conducting biology lessons. Based on the analysis of the conducted classes, the content-structural characteristics of the technology are presented, the author's conclusions and conclusions are made.

Keywords: educational technology, interactive learning, dialogue, college students, biology classes.

Одной из ключевых идей современных образовательных систем является теоретико-методологическое обоснование и практическая реализация диалогового обучения. Структурно-методологическая сущность диалогового обучения заключается в возможности взаимодействия (сотрудничества, сотворчества и т.д.) субъектов образовательного процесса в непосредственном режиме беседы (диалога). Диалоговое обучение может присутствовать в образовательном процессе в различных модификациях: как самостоятельно организованная форма учебного занятия (внеклассного мероприятия), как отдельный метод обучения, как методологический прием и т.д.

Из сказанного понятно, что диалоговое обучение в своей основе предполагает диалог. А диалог, как известно, априори требует соблюдения принципа равенства позиций субъектов общения, искренность, эмоциональную открытость, доверие к другому человеку и принятие его внутреннего мира. В ситуации диалога образуется общее психологическое пространство, в котором воздействие и взаимодействие превращаются в сложноопосредованные взаимовлияния, создаются условия для взаимораскрытия и взаиморазвития.

В связи с этим, обратимся к одной из большого количества моделей структур диалога, разработанной исследователем, педагогом, психологом А.Г.Асмоловым [2, с.90]. По его мнению, для того чтобы диалог состоялся, необходимы следующие события:

1. обращение – восприятие собеседника как идентичности;
2. вопрошание – присоединяется видение ценности собеседника, забота о его существовании;
3. слушание – принятие собеседника.

При организации и проведении занятий по биологии в программу обучения системно внедряются структурные компоненты диалога (обращение, вопрошание, слушание), а также применяются (в зависимости от целей, задач и структурных характеристик занятия) активные и интерактивные формы диалогового обучения.

Например, при проведении учебного занятия по теме «Строение и функции гемоглобина и миоглобина человека» была организована совместная групповая работа, предполагающая исследо-